



ҚАУЛЫ

18.09.2015

№

128.

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Актау

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық – техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыс әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған гуманитарлық – техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорынның мекен - жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130500, Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, Күржіманұлы көшесі 6 болып белгіленсін.

3. Қоса беріліп отырған Кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін.

4. Маңғыстау облысының білім басқармасы:

Кәсіпорынды Маңғыстау облысының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Маңғыстау облысының қаржы басқармасы (М.Б. Әлібекова) облыстың коммуналдық меншік объектілерінің Тізіліміне тиісті толықтыру енгізсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі



КӨШІРМЕСІ
ДҰРЫС

КЕЛЕСІ БЕТТІ
ҚАРАҢЫЗ